



Nur Qorgaljyn

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 60 (652) БЕЙСЕНБІ 30 ЖЕЛТОҚСАН 2021 ЖЫЛ



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2022 жылмен құттықтаймын. Жаңа Жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, гажайып қиялдарға қол создыратын мереке. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа Жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. Келер Жылда отбасыларыңызға құт - береке, қызметіңізге өрлеу тілеймін. Денсаулығыңыз күйлі - қуатты, бақытыңыз баянды, көңіл - күйіңіз тамаша болсын. Алдағы Жыл Сіздерді тек оң өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен, қызықты кездесулерімен қуантсын. Мемлекетіміздің жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша Қазақстандықтарымызға бейбіт өмір, тыныштық, мол жақсылық тілеймін.

Бұл Жыл Сіздерге жақсы тілектес болып, үлкен жетістіктерге жетелесін, барлық бастамаларыңызға табыс әкелсін демекпін!

Құрметпен Жанбаев Берік Амантайұлы, Қорғалжын ауданының әкімі.



Аяз атадан сыйлық! Жаңа жыл қарсаңында жылдағы дәстүр бойынша Қорғалжын аудандық мәслихатының бірқатар депутаттары Берік Рыспаев, Мадияр Амангелдинов, Абылайхан Зулханов аудан бойынша бала-бақшалар мен көп балалы отбасыларға тәттілер дорбасын сыйлады. Бас-аяғы сексен дана тәтті себеттер ауыл аймақтарға әлі де таратылатын болады.

Қиял мен ертегі әлемінде өмір сүретін бүлдіршінде көңілі жайланып, жүздері жайдарланып қалды.



«Зеленая» зона: заболеваемость COVID-19 продолжает снижаться в Акмолинской области

Эпидемиологическая ситуация в области по заболеваемости коронавирусной инфекцией относительно стабилизировалась и характеризуется в пределах контрольных уровней. Об этом на брифинге рассказала главный санитарный врач области Айнагуль Мусина, сообщает региональная служба коммуникаций.

Напомним, 21 декабря Акмолинская область перешла в «зеленую зону».

«По состоянию на 28 декабря за последнюю неделю по сравнению с предыдущей неделей отмечается снижение заболеваемости на 10,7% с 349 до 315 случаев», - рассказала Айнагуль Мусина.

При этом четыре района находятся в «желтой» зоне, а шесть – в «красной».

«В Казахстане проведено полноценное секвенирование, по результатам которых установлено, что на сегодняшний день в республике в преобладающем большинстве циркулируют «Индийский» и

«Британский штаммы». Вариант штамма коронавируса «Омикрон» не обнаружен. Отправлено 6 проб биоматериала на секвенирование вируса Омикрон в Национальную референс-лабораторию, г. Алматы. Результаты в работе», - отметила спикер.

По информации руководителя департамента, с ноября темпы вакцинации по области заметно увеличились. Если на начало ноября прививалось в сутки не более 400-500 человек, то на сегодня эта цифра увеличилась практически в два раза.

«Вакциной Комирнати производства Pfizer/BioNTech, привито



3977 человек. Из них 117 беременных женщин, 975 женщины в период лактации и 2 885 подростков», - заключила Айнагуль Мусина.

Назар аударыңыз! Байқау!

«Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің» бастамасымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, өзге ұлт өкілдерінің арасында «Қазақша караоке-2021» ән байқауы өткізілді.

Байқаудың негізгі мақсаты - қазақша ән шығармашылығын насихаттау және дамыту, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, қоғамда мемлекеттік тілдің рөлін арттыру болып табылады.

Байқауға аудан бойынша 15-25 жас аралығындағы қатысушылар қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша, 3 –орынды Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 10 класс оқушысы Тусупбеков Адиль, 2- орынды Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 6 «б» класс оқушысы Боранбаева Виктория, 1- орынды Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 11 «в» класс оқушысы Борзова Валентина иеленді. Байқау жеңімпаздарына дипломдар мен сертификаттар табысталды. Бұл байқауда этностардың басын біріктіретін мемлекеттік тілдің рөлі көрініс тапты.

ЖОБА

Қорғалжын ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қорғалжын ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі қоса беріліп отырған жоспар бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын аудандық мәслихат сессиясының хатшысы «КЕЛІСІЛДІ»	Б. Рыспаев _____
Қорғалжын ауданының әкімі «КЕЛІСІЛДІ»	Б. Жанбаев _____
«Қорғалжын ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ басшысы «КЕЛІСІЛДІ»	Қ. Жұмашев _____
«Қорғалжын ауданының жер қатынастар бөлімі» ММ басшысы Ақмола облысы Қорғалжын ауданы	Н. Әлімжанов _____

ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОСПАРЫ

КІРІСПЕ

Қорғалжын ауданында 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және пайдалану жоспары.

Қорғалжын ауданында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуіріндегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуіріндегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемге деген қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың деградациялық процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

Жоспар құрамында:

- 1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде Қорғалжын ауданының аумағында ауылдық округтер жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемалары (карталары) (1 қосымша);
- 2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);
- 3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карталары (3-қосымша);
- 4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемалары (4-қосымша);
- 5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемалары (5-қосымша);
- 6) кент, ауыл, ауылдық округ жанында орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемалары (6-қосымша);
- 7) Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю мен жылжытудың жүріп-тұрудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте (7 қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, мәдени және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді, малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша Қорғалжын ауданында 8 ауылдық округ бар.

Қорғалжын ауданы аумағының жалпы ауданы - 931097 гектарды құрайды.

Санаттар бойынша Қорғалжын ауданының жер аумағы

1 кесте

№	Жер санаттары	Барлығы, га	Оның ішінде жайылым, га	
			Барлығы	Қалыпты
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	487797,94	237542,45	
2	Елді мекендердің жері	73276,00	60623,00	
3	Босалқы жерлер	58375,14	41091,64	
4	Су қорының жерлері	23587,00	0	
5	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	4221,91	0	
6	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	281046,00	42355,00	
	Барлығы:	928303,99	381612,09	

Қорғалжын ауданының климаты шұғыл-континенталды, континенталдылықтың барлық белгілерімен сипатталады: қатты ұзақ қыс, қысқа орташа ыстық жаз, қыс және жаз температурасының күрт қарама-қайшылығы, жылдық жауын-шашынның аз мөлшері. Қолайсыз климаттық фактор-жыл бойы соққан қатты желдер.

Аудан аумағында қоңыр топырақ қалыптасқан. Қоңыр карбонатты және қоңыр карбонатты-сортаң топырақтар.

Республиканың өңірлері бойынша жайылымдардың басым түрлерінде ауыл шаруашылық жануарлары бойынша жайылымдардың басым түрлерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жүктеудің қолайлы нормалары.

2 кесте.

Аймақ	Орташа жалпы астық жайылым жалпы /азық. бірлік, ц / га суб-аймақтар	Ауыл шаруашылық жануарларының жайылымдарына, 1 басқа гектар, қалпына келтірілген / тозған					
		ірі-қара		қой, ешкі		жылқы	
		Қалпына келтірген	Тозған	Қалпына келтірген	Тозған	Қалпына келтірген	Тозған
Орталық аймақ /орташа құрғақ дала	5,0/2,0	7,0	8,5	1,4	1,7	8,4	10,2

ЖАЙЫЛЫМ АЙНАЛЫМДАРЫНЫҢ СЫЗБАСЫ.

Жайылым айналымдары геоботаникалық зерттеулер негізінде әзірленген.

Жайылымдардың өнімділігін жоғарылату кезінде олардың аумағын дұрыс ұйымдастыру, жазғы лагерлердің, су шаруашылығының және ірі қара малдың орналасуын қамтыған маңызды.

Жайылымдардың өнімділіктерін жоғарылату мақсатында және ауылдық округтердегі шөп құрамын жақсарту мақсатында жайылым айналымдарының сызбанұсқасы әзірленді.

Жайылым айналымдары - бұл жайылымдарды пайдалану және қамқорлық жүйесі, шөптерді қалпына келтіру және жақсарту үшін басқа да шаралармен бірге таңдалған жерлерде дәуірлерді жылжыту, демалу және көгалдандыру арқылы дәнді дақылдардың жайылымдық өнімділігін арттыруға бағытталған.

Табиғи аймақтар мен жайылымдардың түрлері үшін жайылымдық айналудың тиісті схемалары әзірленді.

Жайылымдарды пайдаланудың екі жүйесі бар: жайылымдық жер және жайылым жайы. Біріншісі егер жайылым мал қорадан 3 шақырымға дейін қашықтықта орналасқан жағдайда, ал екіншісі жайылымдар алыс болған жағдайда.

Мал алыс жайылым болған жағдайда барлық жайылым кезеңінде жайылымда қалады.

Аталған жоспарда жайылымды пайдаланудың екі жүйесі көрсетілген.

ІҚМ сауын малдары және ҰҚМ шағын бөлігі жақын орналасқан жайылымдық жерге шығарылады.

Қалған мал алыс орналасқан жайылым жайға шығарылады. Бұл жағдайда жайылымдарда малдарды қамалу үшін қоршаулар орнатылған, сонымен қатар малшылар үшін үйлер және т.б. орнатылады.

Суару орынының құрылымы. Күтіп ұстау кезінде сиыр күніне 10 рет су ішеді. Жайлау кезеңінде су қажеттілігі аз. Көктемде шөп шырынды болған кезде малдарды күніне 3-4 рет, ал жазғы ыстықтарда күніне 7-8 рет суару қажет.

Құдықтардан суару орындарын ұйымдастырған кезде лас су мен жауын-шашын құдыққа ақпау үшін олардың айналасы тастармен қаланылуы немесе ірі құм төгіліп тасталуы қажет. Құдықтардың маңында шұңқырлар болуы қажет, іші тегіс су құятын шұңқырлармен жарақтандырылулары керек.

Қорғалжын ауданының ауылдық округтерінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар

Осы Қорғалжын ауданында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуіріндегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілеоді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуіріндегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

- 1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Қорғалжын ауданының ауылдық округтері аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);
- 2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);
- 3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта (3-қосымша);
- 4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);
- 5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);
- 6) кент, ауыл, ауылдық округте орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6-қосымша);
- 7) Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю мен жүріп-тұрудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте (7 қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, мәдени және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді, малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша Амангелді ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар. Амангелді ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 54 024,5 гектар, оның ішінде жайылым жерлер - 36 909,70 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 41418,70 гектар;

елді мекендердің жері-11 351,0 гектар;

қордағы жерлер-3178,10 гектар.

Табиғи жағдайлар бойынша Амангелді ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіштер бойынша шамалы құрғақшылық орташа жылы (орталық және оңтүстік бөлігі) және құрғақ қалыпты жылы (солтүстік бөлігі), олар континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады: қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады.

2021 жылдың 1 сәуірінде Амангелді ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ІШҚ) ірі қара 1893 бас, оның ішінде 738 бас аналық мал, 3008 бас ұсақ мал, 2073 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Өркендеу ауылында:

ірі қара мал 1363 бас, оның ішінде аналық мал 479 бас, ұсақ мал 2208 бас, жылқы 1925 бас

Жайылым көлемі 6880 гектар

Жұмай ауылында:

ірі қара мал 530 бас, оның ішінде аналық мал 182 бас, ұсақ мал 6476 бас, жылқы 147 бас.

Жайылым көлемі 3702

Амангелді ауылдық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 775 бас, ұсақ қара 1198 бас, 1517 бас жылқы.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 23149,4 гектарды құрайды.

Амангелді ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 36909,7 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 10582,0 гектар жайылым бар.

Амангелді ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Өркендеу ауылында, Жұмай ауылында) ауыл шаруашылығы мал басын ұстау бойынша 10582,0 га көлемінде, жүктеме нормасы 7,0 га/бас болғанда қажеттілік 14526,4 га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 4048,4 га, ІҚМ басына жүктеме нормасы 7,0 га / бас болғанда. Ұсақ мал –

1,4 га / бас., жылқы –8,4 га/ бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-1118 бас. * 7,0 га/бас.=7826,0

ұсақ мал үшін-1810 бас. * 1,4 га/бас.= 2534,0 га;

жылқы үшін-496 бас. * 8,4 га / гол.= 4166,4 га.

7826+2534+4166,4=14526,4 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 4048,4 га көлемінде ЖШС «Агро Стил»1095,0 га, ЖШС «Знаменка 2010» 410,0 га, ЖШС «Жеті көл» 498,0 га, «Ораз ауылы» ш/қ 2045,4га меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Арықты ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар.

Арықты ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 108526,87гектар, оның ішінде жайылым жерлер – 68 330,80 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 98 951,64 гектар;

елді мекендердің жері-6701,00 гектар;

қордағы жерлер-2871,23 гектар.

Табиғи жағдайлар бойынша Арықты ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіштер бойынша шамалы құрғақшылық орташа жылы (орталық және оңтүстік бөлігі) және құрғақ қалыпты жылы (солтүстік бөлігі), олар континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады: қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады.

2021 жылдың 1сәуіріне Арықты ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 1857 бас, оның ішінде 1082 бас аналық мал, 2240 бас ұсақ мал, 1384 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Арықты ауылында:

ірі қара мал 1420 бас, оның ішінде аналық мал 776 бас, ұсақ мал 2056 бас, жылқы 1000 бас

Жайылым көлемі 6300 гектар.

Садырбай ауылында:

ірі қара мал 437 бас, оның ішінде аналық мал 306 бас, ұсақ мал 184бас, жылқы 384 бас.

Жайылым көлемі 404 гетар.

Арықты ауылдық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 1104 бас, ұсақ қара 643 бас, 789 бас жылқы.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 59984 гектарды құрайды.

Арықты ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 68330,80 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 6704,00 гектар жайылым бар.

Арықты ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Арықты ауылында, Садырбай ауылында) ауыл шаруашылығы мал басын ұстау бойынша 6704,0 га көлемінде, жүктеме нормасы 7,0 га/бас болғанда қажеттілік 12504,8 га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 5800,8 га, ІҚМ басына жүктеме нормасы 7,0 га / бас болғанда., Ұсақ мал – 1,4 га / бас., жылқы –8,4 га/ бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-753 бас. * 7,0 га/бас.=5271,0

ұсақ мал үшін-1597 бас. * 1,4 га/бас.= 2235,8 га;

жылқы үшін-595 бас. * 8,4 га / гол.= 4998,0 га.

5271+2235,8+4998,0=12504,8 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 5800,8 га көлемінде ЖШС «Арықты»2993 га, ЖШС «АССО» 1369,8 га, ЖШС «Агро Экспорт ЛТД» 924 га, СХП «АССО» 514,0 га, меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Қорғалжын ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар.

Қорғалжын ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 126 985,42гектар, оның ішінде жайылым жерлер – 33 617,55 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 64 708,92 гектар;

елді мекендердің жері-11 044,00 гектар;

қордағы жерлер-6 676,50 гектар.

Табиғи жағдайлар бойынша Қорғалжын ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіштер бойынша шамалы құрғақшылық орташа жылы (орталық және оңтүстік бөлігі) және құрғақ қалыпты жылы (солтүстік бөлігі), олар континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады: қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады.

2021 жылдың 1сәуіріне Қорғалжын ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 5409 бас, оның ішінде 3605 бас аналық мал, 10500 бас ұсақ мал, 1935 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Қорғалжын ауылында:

ірі қара мал 4949 бас, оның ішінде аналық мал 3379 бас, ұсақ мал 9513 бас, жылқы 1739 бас

Жайылым көлемі 9796

Абай ауылында:

ірі қара мал 460 бас, оның ішінде аналық мал 226 бас, ұсақ мал 537 бас, жылқы 196 бас.

Жайылым көлемі 1190

Қорғалжын ауылдық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 2707 бас, ұсақ қара 4114 бас, 1833 бас жылқы.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 32 881,55 гектарды құрайды.

Қорғалжын ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 92 586,25 га гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 10896,00 гектар жайылым бар.

Қорғалжын ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Қорғалжын ауылында, Абай ауылында) ауыл шаруашылығы мал басын ұстау бойынша 10986,0 га көлемінде, жүктеме нормасы 7,0 га/бас болғанда қажеттілік 41 192,1 га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 30 206,1 га, ІҚМ басына жүктеме нормасы 7,0 га / бас болғанда., Ұсақ мал – 1,4 га / бас., жылқы –8,4 га/ бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-3411 бас. * 7,0 га/бас.=23 877,0

ұсақ мал үшін-5936 бас. * 1,4 га/бас.= 8310,4 га;

жылқы үшін-1072 бас. * 8,4 га / гол.= 9004,8 га.

23877,0+8310,4+9004,7=41192,1 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 30 206,1 га көлемінде «Ораз ауылы» ш/қ 727 га, «Мадияр» ш/қ 317 га, Б.Рахимжанов 57 га, Б.Мусабеков 300 га, А.Бейсов 288,3 га, Е.Рахметов 187 га, Е.Ахметжанов 48,2 га, ЖШС «Сельское хозяйство» 138,0, «Жастар» ш/қ 93, «Туғанбек» ш/қ 4738 га, Е. Кунедилов 100 га, Б.Баймуканов 110 га, Люфт Виктор 92 га, «Дарханбек» ш/қ 135,6 га, «Нұрлан» ш/қ 1072,0 га, Курманғалиев Е 107,0 га, ЖШС «Дария С» 680 га, ЖШС «Қаңбақ» 102,4 га, Имашев Ерулан 233,0 га, Қ. Рысбаев 415,0 га, Б.Рысбаев 373,8 га, «Жер Ана» ш/қ 305,8 га, «Алтай и К» ш/қ 125,2 га, К.Турарбеков 341,0 га, «Ата Мұра» ш/қ 579,8 га, Ж.Бексейтов 12,7 га, Ахметова Ғайният 302 га, «Абыз» ш/қ 220 га, Қ.Тобанов 275 га, О.Тлеулесов 132 га, Ж.Искаков 202 га, К.Мустафин 34,8 га, М.Хамитов 86,0, Ф.Садуакасов 1000 га, ЖШС «Урожайное 2015» 110 га, 14041 меморандум жасау есебінен толықтыру қажет. Қажет 16165,1.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Қарашалғын ауылдық округінде 3 ауылдық елді мекен бар.

Қарашалғын ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 74 574, 20 гектар, оның ішінде жайылым жерлер – 40 584,80 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 60987,60 гектар;

елді мекендердің жері-8128,0 гектар;

қордағы жерлер-5273,60 гектар.

Табиғи жағдайлар бойынша Қарашалғын ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіштер бойынша шамалы құрғақшылық орташа жылы (орталық және оңтүстік бөлігі) және құрғақ қалыпты жылы (солтүстік бөлігі), олар континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады: қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады.

2021 жылдың 1сәуіріне Қарашалғын ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 2890 бас, оның ішінде 1354 бас аналық мал, 4826 бас ұсақ мал, 2449 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Жантеке ауылында:

ірі қара мал 2005 бас, оның ішінде аналық мал 900 бас, ұсақ мал 2723 бас, жылқы 784 бас

Жайылым көлемі 5200 гектар.

Қарғалы ауылында:

ірі қара мал 325 бас, оның ішінде аналық мал 148 бас, ұсақ мал 1328 бас, жылқы 1360 бас.

Жайылым көлемі 1464 гектар

Ұялы ауылында:

ірі қара мал 560 бас, оның ішінде аналық мал 306 бас, ұсақ мал 775 бас, жылқы 305 бас.

Жайылым көлемі 1085 гектар.

Қарашалғын ауылдық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 1376 бас, ұсақ қара 1836 бас, 1624 бас жылқы.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 27 727,7 гектарды құрайды.

Қарашалғын ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 36909,7 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 7749 гектар жайылым бар.

Қарашалғын ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Жантеке ауылында, Қарғалы ауылында, Ұялы ауылында) ауыл шаруашылығы мал басын ұстау бойынша 7749 га көлемінде, жүктеме нормасы 7,0 га/бас болғанда қажеттілік 21714,0 га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 13665 га,

ІҚМ басына жүктеме нормасы 7,0 га / бас болғанда., Ұсақ мал – 1,4 га / бас., жылқы –8,4 га/ бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-1514 бас. * 7,0 га/бас.=10598,0

ұсақ мал үшін-2990 бас. * 1,4 га/бас.= 4186,0 га;

жылқы үшін-825 бас. * 8,4 га / гол.= 6930,0 га.

10598,0+4186,0+6930,0=21714,0 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 13665 га көлемінде ЖШС «АФ Жер 888»-6537,6 га, ЖШС «Хамыстханов» 1027 га, ЖШС «Ел Нур Групп» 6101 га меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Майшұқыр ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар.

Майшұқыр ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 38 746,43 гектар, оның ішінде жайылым жерлер – 17 008,89 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 30 102,60 гектар;

елді мекендердің жері-4129,00 гектар;

қордағы жерлер-4514,83 гектар.

Табиғи жағдайлар бойынша Майшұқыр ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіштер бойынша шамалы құрғақшылық орташа жылы (орталық және оңтүстік бөлігі) және құрғақ қалыпты жылы (солтүстік бөлігі), олар континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады: қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады.

2021 жылдың 1сәуіріне Майшұқыр ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 547 бас, оның ішінде 443 бас аналық мал, 873 бас ұсақ мал, 385 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Майшұқыр ауылында:

ірі қара мал 447 бас, оның ішінде аналық мал 359 бас, ұсақ мал 697 бас, жылқы 329 бас

Жайылым көлемі 2604 гектар.

Құмкөл ауылында:

ірі қара мал 110 бас, оның ішінде аналық мал 84 бас, ұсақ мал 176 бас, жылқы 56 бас.

Жайылым көлемі 1103 гектар.

Майшұқыр ауылдық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 147 бас, ұсақ қара 186 бас, 92 бас жылқы.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 10 302,8 гектарды құрайды.

Майшұқыр ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 10 303,20 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 3707,00 гектар жайылым бар.

Майшұқыр ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Майшұқыр ауылында, Құмкөл ауылында) ауыл шаруашылығы мал басын ұстау бойынша 3707,0 га көлемінде, жүктеме нормасы 7,0 га/бас болғанда қажеттілік 6223,0 га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 2516,0 га, ІҚМ басына жүктеме нормасы 7,0 га / бас болғанда., Ұсақ мал – 1,4 га / бас., жылқы –8,4 га/ бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-400 бас. * 7,0 га/бас.=2800

ұсақ мал үшін-687 бас. * 1,4 га/бас.= 961,8 га;

жылқы үшін-293 бас. * 8,4 га / гол.= 2461,2 га.

2800+961,8+2461,2=6223,0 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 2516,0 га көлемінде «Ораз ауылы» ш/қ 832,0 га, ЖШС «Аскоп» 211,0 га, ЖШС «Абол Астық» 217,8 га ЖШС «Ащы көл» 408,0 га га, ЖШС «Нұр Суат» 846,0 га меморандум жасау есебінен толықтыру қажет.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Қызылсай ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар.

Қызылсай ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 113 805, 33 гектар, оның ішінде жайылым жерлер – 79 450,45 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 88 220,20 гектар;

елді мекендердің жері-8951,00 гектар;

қордағы жерлер-16 634,13 гектар.

Табиғи жағдайлар бойынша Қызылсай ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіштер бойынша шамалы құрғақшылық орташа жылы (орталық және оңтүстік бөлігі) және құрғақ қалыпты жылы (солтүстік бөлігі), олар континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады: қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталады.

2021 жылдың 1сәуіріне Қызылсай ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 1679 бас, оның ішінде 874 бас аналық мал, 3483 бас ұсақ мал, 2381 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Шалқар ауылында:

ірі қара мал 1179 бас, оның ішінде аналық мал 656 бас, ұсақ мал 1574 бас, жылқы 1550 бас

Жайылым көлемі 6092 гектар.

Жалғасы газеттің келесі санында



Қорғалжын ауданында Дзюдодан облыстық жарыс өтті

Қорғалжын ауданында дзюдодан ағымдағы жылдың 23-24 желтоқсан күндері 2005-2007 жылғы жасөспірімдер арасында Ақмола облысының біріншілігі өтті.

Сайысқа Қорғалжын спорт мектебінің жас палуандары қатысып, дайындық межелерін жоғары деңгейде көрсете білді. Спорттық додада бірінші орын алған спортшылар Қазақстан Республикасының Чемпионатына баруға жолдама алды.

Абдысамат Даулет 55 кг.
Ермаганбетов Қадырбек 90 кг.
Абдысамат Асан 50 кг.
Зекенов Әліби +90 кг.
Банкері Таханов Марат



2022
ГОД ТИГРА

	ЯНВАРЬ	ФЕВРАЛЬ	МАРТ	АПРЕЛЬ	МАЙ	ИЮНЬ
П	3 10 17 24 31	7 14 21 28	7 14 21 28	4 11 18 25	2 9 16 23 30	6 13 20 27
В	4 11 18 25	1 8 15 22	1 8 15 22 29	5 12 19 26	3 10 17 24 31	7 14 21 28
С	5 12 19 26	2 9 16 23	2 9 16 23 30	6 13 20 27	4 11 18 25	1 8 15 22 29
Ч	6 13 20 27	3 10 17 24	3 10 17 24 31	7 14 21 28	5 12 19 26	2 9 16 23 30
П	7 14 21 28	4 11 18 25	4 11 18 25	1 8 15 22 29	6 13 20 27	3 10 17 24
С	1 8 15 22 29	5 12 19 26	5 12 19 26	2 9 16 23 30	7 14 21 28	4 11 18 25
В	2 9 16 23 30	6 13 20 27	6 13 20 27	3 10 17 24	1 8 15 22 29	5 12 19 26
	ИЮЛЬ	АВГУСТ	СЕНТЯБРЬ	ОКТАБРЬ	НОВАЯБРЬ	ДЕКАБРЬ
П	4 11 18 25	1 8 15 22 29	5 12 19 26	3 10 17 24 31	7 14 21 28	5 12 19 26
В	5 12 19 26	2 9 16 23 30	6 13 20 27	4 11 18 25	1 8 15 22 29	6 13 20 27
С	6 13 20 27	3 10 17 24 31	7 14 21 28	5 12 19 26	2 9 16 23 30	7 14 21 28
Ч	7 14 21 28	4 11 18 25	1 8 15 22 29	6 13 20 27	3 10 17 24	1 8 15 22 29
П	1 8 15 22 29	5 12 19 26	2 9 16 23 30	7 14 21 28	4 11 18 25	2 9 16 23 30
С	2 9 16 23 30	6 13 20 27	3 10 17 24	1 8 15 22 29	5 12 19 26	3 10 17 24 31
В	3 10 17 24 31	7 14 21 28	4 11 18 25	2 9 16 23 30	6 13 20 27	4 11 18 25

«Шырша» салаты

Қажетті өнімдер:
130 гр. шұжық 100 гр. консервіленген жасыл бұршақ 50 гр. сыр 2 дана жұмыртқа 1 дана балғын қияр 1 бума аскөк 2 ас қасық майонез
Әсемдеу үшін қызанақ пен консервіленген жүгері қажет. Дәміне қарай тұз салынады.



Дайындалу тәсілі:

Қиярды текшелеп әрі ұсақтап турау керек. Шұжықты да дәл солай турау керек. Сырды үккіштен өткіземіз. Барлығын бір табаққа салып араластырып, консервіленген жасыл бұршақты, қайнатылып туралған жұмыртқаны, майонезді саламыз. Дәміне қарай тұз салып, барлығын жақсылап араластырамыз. Енді осы араласпаны тәрелкеге саламыз. Салатты тәрелкедегідей шырша жасай салу қажет. Бетіне майдалап туралған аскөкті себелейміз де, қызанақпен, жүгерімен ойыншықтарын жасаймыз. Мінекей, шыршамыз да дайын болды. Астарыңыз дәмді болсын! Жаңа жыл құтты болсын!

Дайындаған: Құрманкүл ӘТИ, ERNUR.KZ

«Сағат» салаты

Қажетті заттар:

- тауық еті - 450 г
- жұмыртқа - 3 дана
- ірімшік - 150 г
- көк пияз - 1 орам
- асбұршақ - 250 г
- тұздалған қияр - 3 дана
- майонез
- тұз, бұрыш
- зәйтүн, сәбіз - әрлеу үшін



Дайындалуы: Асбұршақтың суын төгіп, ыдысқа саламыз. Көк пиязды ұсақтап турап, асбұршаққа қосамыз. Оған майдалап туралған ірімшік пен қияр қосамыз. Тауық етін турау керек. Оны да ыдысымызға саламыз. Жұмыртқаның ақуызы мен сарысын бөліп алып, сарысын ұсақтап турау керек. Ыдысқа саламыз. Ақуызын әрлеу үшін алып қоямыз. Салатқа майонез, тұз, бұрыш қосамыз. Араластырамыз. Дөңгелек ыдысқа салатты салып, сағат тәрізді пішін жасаймыз. Ақуызды үккіштен өткізіп, салаттың бетіне себеміз. Зәйтүн мен сәбізден сандар мен сағат тілін жасаймыз. Салатымыздың бетін әрлейміз.

Астарыңыз дәмді болсын!

Тұрмыста газды дұрыс қолдану қағидаларын сақтаңыздар

Балаларға жол бермеңіз! Тартқышты тексері!

Қараусыз қалдырма! Шиберді аш!

Орнамаңыз, өз бетіңше жемдемеңіз! Үй-жайды желдетіңіз!

Ақаулыны пайдаланбаңыз! Өртті байқаған кезде дереу өрт күзетіне «101» немесе «112» телефондары бойынша хабарлаңыз

Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті

Прогноз погоды

Пт	Сб	Вс
31 дек	1 янв	2 янв
-13° -19°	-13° -17°	-9° -10°
Пасмурно	Ясно	Облачно с прояснениями
Пн	Вт	Ср
3 янв	4 янв	5 янв
-3° -4°	-2° -9°	-9° -13°
Пасмурно	Снег	Небольшой снег
Чт	6 янв	
-11° -12°		
		Небольшой снег

В связи со смертью гражданина Мусабая Айтбая Зекеновича умершего 17 октября 2021 года открылась наследство. Наследников просим обратиться к нотариусу Н. Мамбетбаеву.

В связи со смертью гражданина Зияда Дулатхан умершего 31 октября 2021 года открылась наследство. Наследников просим обратиться к нотариусу Н. Мамбетбаеву.

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-АяуЖан»
Директор/редактор:
Ботагөз Тажимова
Дизайнер-беттеуші:
Абдрасимова Айнагүл

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауылы,
Досымсейіт Отарбеков
көшесі 9,
тел: +77028476242

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-АяуЖан» ЖШС
редакциясында теріліп жиналды,
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Талсырыс № 647
Таралымы 600 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
көз-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы фактілер
үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан жарияланбайды.